

"Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) рентабельділігі тәмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 шілдедегі № 443 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 282 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.05.2018 № 282 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) рентабельділігі тәмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1379 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 75-76, 1122-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пайдалы қазбалардың кең таралғандарын қоспағанда, қатты түрлерінің кең орнын (кең орындарының бір тобын, кең орнының бір бөлігін) рентабельділігі тәмен санатқа жатқызу және пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық бөлігінде салық салу қағидаларында:

13-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер өтініш ағымдағы құнтізбелік жылға берілсе, алдыңғы құнтізбелік жылдың деректерімен не егер өтініш алдағы құнтізбелік жылға берілген болса, енгізілетін түзетулер ескеріле отырып, көрсетілген кезеңдегі бюджет негізінде жыл бойынша болжамды деректерге негізделе отырып есептелген ағымдағы құнтізбелік жыл бойынша деректермен салыстырғанда минералдық шикізаттың, пайдалы қазбаның, металдың бір тоннасына есептегенде ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алуға жұмсалатын шығындарды және Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды алуға жұмсалатын жылдық

инфляция деңгейінің ұлғауына байланысты шығындарды қоспағанда, өндірістік шығындар, өткізу шығындары мен жалпы әкімшілік шығындар 10 %-дан жоғары ұлғайған жағдайда, негізсіз ұлғайтылуы;"

17-тармақта:

1) тармақшаның он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын , ұлғауы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғауын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты импортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғауына байланысты Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғауын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасынан аспауы тиіс.";

2) тармақшаның он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын , ұлғауы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғауын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты имортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғауына байланысты Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғауын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасынан аспауы тиіс. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылы минералдық шикізатты өндірудің жоспарланған көлемі алдыңғы жыл деңгейінен 10 %-дан астам ауытқыған жағдайда, шегерімдер сомасы өндірілетін көлемдегі айырмаға түзетілуі тиіс.";

3) тармақшаның он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық салынатын табысты айқындау кезінде салық кезеңі ішіндегі шегерімдер сомасы қосымша салық міндеттемелері есебінен шегерімдер сомасын , ұлғауы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ( тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің өсуіне байланысты шығыстар есебінен шегерімдер сомасының ұлғауын, сондай-ақ ұлттық валютаның шетелдік валюталарға қатысты айырбас бағамының өсуіне байланысты имортталатын тауарларды сатып алу және жылдық инфляция деңгейінің ұлғауына байланысты Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды сатып алу бойынша шегерімдердің ұлғауын қоспағанда, алдыңғы салық кезеңі ішіндегі шегерімдер

сомасынан аспауы тиіс. Ағымдағы аяқталмаған күнтізбелік жылы минералдық шикізатты өндірудің жоспарланған көлемі алдыңғы жыл деңгейінен 10 %-дан астам ауытқыған жағдайда, шегерімдер сомасы өндірілетін көлемдегі айырмаға түзетілуі тиіс.".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК